

Қазақстан Республикасының 1982-1991 жылдары туылған азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 13 сәуірдегі N 108 қаулысы. Алматы облысының әділет департаменті Сарқан ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 27 сәуірде N 2-17-73 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 18 қаңтардағы N 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 18.01.2010 N 2 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19, 20 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 779 Жарлығына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1982-1991 жылдары туылған азаматтар 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Аудандық шақыру комиссияның төмендегі құрамы құрылсын:

Құмарғалиев Шораұлы	Руслан	-	"Сарқан ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);
Бақтыбаев Есболат Шаймұратұлы		-	"Сарқан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі жалпы бөлімінің бас маманы, төраға орынбасары;
Тажиев Қанат Арынұлы		-	Сарқан аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары – комиссия мүшесі (келісім бойынша);
		-	"Сарқан ауданының орталық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық

Ш ы ғ а у б а е в Алтай Қанийұлы	кәсіпорнының дәрігер - хирургі, комиссия мүшесі (келісім бойынша);
І р ғ е б а е в а Әсель Нұртілеуқызы	"Сарқан ауданының орталық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының медбикесі- комиссияның хатшысы (келісім бойынша).

3."Сарқан ауданының орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (М.Долаева) келесі талаптарды орындау ұсынылсын:

1) шақыру басталғанша әскерге шақырылушыларды әскери құжатқа белгі соғу үшін қан тобы және резусының анықтамасымен, қан, зәр тексерулерімен, кеуде қуысының суретімен, иммундық тапшылық вирусын тексеру анықтамасымен қамтамасыз етсін;

2) шақыру аяқталғанша әскерге шақырылушылар емделінсін, осы мерзімге дейін амбулаторлық емделуде болғандардың жеке карталарын (Ф-025-У) қорғаныс істер жөніндегі бөлімге егілудің алынған түрлерін көрсетіп, жүйке ауруына, туберкулезге, тері-венерологиялық ауруларға, жұқпалы ауруларға, нашақорлыққа шалдыққандардың тізімін тапсырсын.

4."Сарқан аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ә.Иманғалиева) әскери қызметке шақыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды жүргізсін.

5. Сарқан аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы М.Жексінбаев:

1) әскерге шақырылушылар мен шығарып салушылар арасында тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету үшін кезекшілік ұйымдастыру ұсынылсын;

2) әскери қызметтен бас тартқандарды іздестіру үшін аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері жұмылдырылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ғ. М а м а н б а е в қ а** жүктелсін.

7.Осы қаулы баспасөзде алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Бекішов